


DPG Lab бағдарламасына кім қатыса алады?

DPG Lab келесі тараулардан тұрады:

1. **Онлайн-курс:** барлығы қатыса алады
2. **Симулятор-ойын:** барлығы ойнай алады
3. **Онлайн-квест:** DPG Lab онлайн-курсының алғашқы екі секциясын өткен, 15-25 жастағы қыздар қатыса алады
4. **Квесттің оффлайн финалы** Алматы қаласында 22 маусымда өтеді: қатысу үшін онлайн-курсты бітіру өту жайлы сертификат пен квесттің онлайн-бөлімінде әзірленген топтық жоба керек



Онлайн-курс (тіркеу мамырдың 18-і басталады)

DPG Lab онлайн курсы [Learning Passport](#) платформасында барлығы үшін ашық.

Онлайн курсты аяқтағаннан кейін студенттерді қорытынды тест күтеді. 60% немесе одан да көп дұрыс жауаптарды жинаған студенттерге курсты сәтті аяқтағаны туралы сертификаттар беріледі.

Симулятор-ойын (маусымның 1-і, 2024)

Ойын dpglab.kbtu.kz жобасының сайтындағы сілтеме арқылы қол жетімді және барлығына ашық болады. Сонымен қатар, ойынды құру кезінде әзірлеушілер сандық қоғамдық игіліктер (DPG) принциптерін басшылыққа алды. Ойынның бастапқы коды ашық және ойыншыларға ойын сценарийі үшін кеңейтімдерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Квест

Онлайн бөлімі (маусымның 1-і мен 16-сы аралығында, 2024)

DPG Lab онлайн-курсының алғашқы екі секциясын өткен, онлайн квестке қатысуға дайын, 22-ші маусымда Алматы қаласында ҚБТУ-да күні бойы офлайн финалға қатысуға дайын, бес адамнан тұратын команда жинаған, 15-25 жастағы қыздар қатыса алады. Интернеттегі квесттегі командалардың максималды саны - 15, яғни 75 қатысушы.

Квесттің онлайн бөлігі кезінде қатысушылар DPG жобасын әзірлеп, оны квесттің офлайн бөлігінде ұсынуы керек. Командалардың кураторлармен алғашқы кездесуі квест басталғаннан кейін онлайн режимінде өтеді. Бұл кездесуде командалар өздерінің кураторларымен жоба идеясын таңдап, квест тапсырмаларын орындау үшін жоспарын анықтайды. Тапсырмаларға жоба бойынша жұмыс (концептуализация, прототиптеу, зерттеу) кіреді. Командалар орындалған тапсырмаларды сайтқа жүктеуі керек. Тапсырмаларды орындағаны үшін командалар жетістіктері үшін бейждар, сондай-ақ кураторлар мен тәлімгерлерден кері байланыс алады.

Оффлайн финал (маусымның 22-сі)

Оффлайн финалға қатысушылардың саны қатаң реттелген: 10 команда, яғни 50 қатысушы. Финалға іріктеу квесттің онлайн бөлігінде дайындалған жобалар

бойынша жүргізіледі. Іріктеу командалар бойынша жүргізілетіндіктен, командалардың қатысушыларына өз жоспарларын алдын ала ойластырып, 22 маусым күні ҚБТУ аумағында күні бойы квесттің соңғы бөлігіне офлайн қатысуға дайын болуын талап етеді. Соңғы сәтте финалға қатысудан бас тартқан жағдайда, сіз өз командаңызды ыңғайсыз жағдайға қою қаупі бар.

Басқа қалалардан келген 16 жастан 20 жасқа дейінгі жиырма қатысушы үшін, квест өту кезінде, ұйымдастырушылар, Алматы қаласында жол жүруді және тұруды қамтамасыз етеді. Егер сапарға грантқа үміткерлер жиырмадан асатын болса, онда іріктеу мынадай критерийлер жиынтығы бойынша жүргізіледі: (1) квесттегі командалық жобаның сапасы, (2) онлайн-курстың қорытынды тестіндегі үміткердің бағалары. Басқа қаладан тыс қатысушылар Алматы қаласында жол жүруді және тұруды өз бетінше ұйымдастыра алады.

Іріктеу нәтижелері жарияланғаннан кейін, қатысушылар, жол жүру және тұру мәліметтерін нақтылау үшін, ұйымдастырушылармен байланысуы қажет.

Квесттің офлайн бөлігінде қатысушылар ҚБТУ қабырғаларында өз жобаларын сарапшылар алдында таныстыра алады, сондай-ақ басқа қатысушылармен бірге, квесттен алған идеялары мен әсерлерін талқылай алады және сарапшылардан кеңес ала алады. Соңында барлық қатысушыларға квесттен сәтті өткені туралы сертификаттар салтанатты түрде табысталады. Командалар мен жобалардың дайындығына байланысты, олар DPG-кандидаттардың қазақстандық тізіміне енгізілуі және жобаға одан әрі қолдау алуы мүмкін.

Ұйымдастырушылардың байланыстары

ҚБТУ:

Айжан Қарыспаева

Добалық топтырдың эксперт-координаторы

Жобалар басқару офисы

т. 357-42-42 (вн.700)

email: a.karyspayeva@kbtu.kz

ЮНИСЕФ:

Татьяна Адерикина

Білім бойынша ЮНИСЕФ бағдарламаларының басқарушысы

taderkhina@unicef.org

Бағдад Кульназаров

Giga/DPG сұрақтары бойынша ЮНИСЕФ-тің кеңесшісі bkulnazarov@unicef.org